

## "RP Shymkent" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне сервитут белгілеу туралы

Шымкент қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 26 қарашадағы № 6174 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, заңды тұлғаның өтініші негізінде, Шымкент қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "RP Shymkent" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Шымкент қаласы, Т.Рысқұлов көшесі, №22 мекенжайында орналасқан газ құбыры жүйесін орнату мен пайдалану үшін жалпы алаңы 0,0645 га жер учаскелеріне меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай 2029 жылдың 15 қазанына дейін сервитут белгіленсін.

2. "RP Shymkent" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 10 жұмыс күн мерзім ішінде 2024-2025 жылдарға арналған сервитут құны 4 438 (төрт мың төрт жүз отыз сегіз) теңгені жыл сайын өзгерістерге сәйкес Шымкент қаласының мемлекеттік кірістер басқармасының 201910 есеп шотына аударсын.

3. "Шымкент қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қ. Асылловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шымкент қаласы әкімі*

*Ғ. Сыздықбеков*